

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ӘДІСТЕР НЕГІЗІНДЕ
ЫҚПАЛ ЕТУ АРҚЫЛЫ
СОТТАЛҒАНДАРДЫ
ТҮЗЕУДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қылмыстық-атқару жүйесі аясындағы Қазақстан Республикасының әділет органдарының қызметтерінің бірі болып психологиялық-педагогикалық әдістер негізінде ықпал ету арқылы сотталғандарды түзеуді ұйымдастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 7-бабына сәйкес тәрбие жұмысы сотталғандарды түзеудің ең басты құралдарының бірі болып саналады. Сотталғандарды түзеудің түсінігін дамыта отырып, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 7-бабы түзеу мекемелеріндегі тәрбие жұмысының мазмұнын және оны жүзеге асырудың негізгі нысандары мен әдістерін жеке-жеке реттейді.

Сотталғандармен тәрбиелік жұмыс сараланып, түзеу мекемелерінің түрі, жаза мерзімі, ұстау жағдайын ескеріп, ұйымдастырылады. Осы жұмысты ұйымдастыру нысандары жаппай, топталған және дербес болуы мүмкін, олар ықпал етудің педагогикалық және психологиялық білімі және әдістері негізінде жүзеге асырылады.

А. С. Макаренконың пікірінше, сотталған адамдарды түзеу жұмысында бірде-бір ықпал ету құралдарына басымдық беруге болмайды. Олардың барлығы бір жүйеде қолданылуы керек. Нақты жағдайда қандай да бір құрал не әдіс бірінші орынға ілгері жылжуы мүмкін, бірақ олардың барлығы міндетті түрде педагогикалық ықпал етудің бір жүйесінде қолданылуы қажет [1].

Бұл бағытта қылмыстық-атқару жүйесінде ұйымдастырылған психологиялық қызмет мағыналы көмек көрсетеді, бұл қызметтің сотталғандардың психодиагностикасында ғана емес, сонымен қатар ықпал етудің нақты әдістерін қолдану бойынша ұсыныстарда да (жеке адамға да, сотталған топтарға да қатысты) көмегі бар. Аталған қызмет түзеу мекемелерінің қызметкерлерін оңалту жұмысымен де айналысады.

А.С. Макаренкомен тұжырымдалған режим ережесі сотталғандарды түзеу ісінде заңмен және ведомствалық актілермен белгіленген режим ережелерін тиімді пайдалануда түзеу мекемелерінің қызметкерлеріне ескеру үшін қажет. Бұл талаптарға мақсаттылық, дәлділік, ортақтық және анықтылық жатады.

Мақсаттылық режимнің барлық ережелерінің сотталғандар үшін түсінікті әрі нақты мағынамен қолданылуы керек дегенді білдіреді. Егер қандай да бір сотталған адамға кезекті кезде-

суден бас тартылса, ал екіншісіне рұқсат етілсе, сол нақты жағдайда бас тартудың мағынасы да рұқсат берудің мағынасы да дұрыс түсінілуі керек. Дәлділік, яғни барлық режим ережесі мен күн тәртібі уақыт және орын тұрғысынан дәл орындалу үшін қол жеткізу қажеттілігін білдіреді. Дәлділікті ешқандай да бұзуға жол берілмейді.

Режим ортақтығы барлығы үшін күн тәртібі мен режим ережелерінің міндеттілігі және нақты сотталған үшін қандай да бір ерекшеліктердің болмауы. Бригадирлер, мәдениеттанушылар, ұжым кеңесінің мүшелері, олардың секцияларының мүшелері барлық сотталғандармен қатар режимнің барлық ережелеріне бағынулары қажет және олардың дәл сақталуына үлгі болуы керек.

Режим анықтылығы. А.С. Макаренко режим анықтылығы деп қатал режимдермен дәйектелуді, реттелуді түсінген. Режим ережелері дәйектелген және заңмен қатал реттелген түзеу мекемелерінде, анықтылық заңға сәйкес актілерге және соның ішінде ішкі тәртіп ережелеріне жатқызылады.

Режим дәл ережелермен және жауапкершілікті бөлумен дәйектелмесе, реттелмесе сақталынбайды. Барлық режим ережелері және күн тәртібі құқықтық актімен реттелуі міндетті [1].

Педагогика тәрбиеленушілерге талап туралы бірқатар ережелерді даярлады. Олар сотталғандарға қойылатын режим ережелерін сақтау туралы талапқа толығымен қолданылады.

Сотталған адамға талаптың болмауы және соның ішінде режим ережелерін орындауға бағытталған талаптың болмауы олардың еріктіліктерін одан әрі босаңсытады, мінезқұлықтарында тәртіпсіздік, салғырттық, әрекеттерінде жауапсыздық тудырады, ал ол өз кезегінде түзеудің басқа құралдарын қолдануға жағымсыз әсер етеді. Керісінше, талаптылық режим ережелерін орындауда сотталғандардың ерік-ықтиярларын салуына түрткі болады және де борыш және міндеттерін орындауда өз мінезқұлықтарын бағындыру қажеттілігі сана-сезімін дамытуға, еріктерін бекітуге көмектеседі, өздерінде талапты тәрбиелеуді және жағдай талап еткен кезде барлық күштерін салуға үйретеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес сотталғандардың жалпы білім алуы тәрбиелік ықпал ету шараларына жатады. Кодекстің 127-бабына сәйкес мекемелерде отыз жасқа толмаған сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімді міндетті түрде алуы ұйымдастырылады. Отыз жастан асқан сотталғандар мен мүгедектер

бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімді өздерінің қалауы бойынша алады. Емтихандарды тапсыру үшін оқушылар Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыстан босатылады. Өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген, сондай-ақ емдеу-профилактикалық мекемелердегі сотталғандарға бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуы үшін жағдайлар жасалады. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуға ұмтылыс көтермеленеді және сотталғандардың мінез-құлық дәрежесін айқындау және оларға мінездеме жасау кезінде ескеріледі [2].

«Білім туралы» ҚР Заңының 14-бабына сәйкес білім беру бағдарламалары мазмұны мен бағыттарына (міндеттеріне) қатысты:

- 1) жалпы білім беретін (үлгілік, жұмыстық);
- 2) кәсіптік (үлгілік, жұмыстық);
- 3) қосымша болып бөлінеді.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мазмұнына қарай мынадай оқу бағдарламаларына:

- 1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
- 2) бастауыш білім беру;
- 3) негізгі орта білім беру;

- 4) жалпы орта білім беру болып бөлінеді.

Кәсіптік бағдарламалар мазмұнына қарай:

- 1) техникалық және кәсіптік білімнің;
- 2) орта білімнен кейінгі білімнің;
- 3) жоғары білімнің;
- 4) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына бөлінеді.

Қосымша білімнің білім беру бағдарламалары білім алушылардың өзін-өзі билеуін, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімделуі, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасауды көздейді.

Ал жалпы білім беретін оқу бағдарламалары жеке адамның жалпы мәдениетін қалыптастырудың, жеке адамды қоғамдағы өмірге бейімдеудің міндеттерін шешуге, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдау мен меңгеру үшін негіз жасауға бағытталған [3].

Сондықтан, білім беру бағдарламалары білім алушыларға білімнің нақты үлесін беруге ғана емес, оларды тәрбие және дамытуға да бағытталған, сол себептен олар түзеу мекемелерінің негізгі міндеттерінің бірін орындау үшін, яғни сотталғандарды түзеуге көбіне сай келеді. Сотталғандарды түзеудің білім беру бағдарламалары сотталғандардың әртүрлі санаттарының жеке бастық ерекшеліктерін, олардың білім, кәсіптік және мәдени

дәрежесін ескере отырып, түзеу мекемелеріндегі оқу орындарының педагогикалық ұжымымен даярланады.

Түзеу педагогикасындағы сотталған адамға қатысты білім беру стандарты үш көрсеткіштен тұруы керек: білім алушы игеруі керек оқу пәндерінің ең төменгі көлемі; міндетті білім және олардың әрқайсысын білу (білім алу стандарты); адамгершілік дәрежесі (түзеу дәрежесі). Мұндай бағдарламаларда жеке тұлғаны қалыптастыруға, оның сана-сезімін дамытуға, ұлттық дәстүр және әдет-ғұрыпты ескере отырып, олардың мәдени дәрежелерін арттыруға ерекше мән беру керек, нәтижесінде олардың барлығы сотталған адамды түзелуге ынталандырады.

Жалпы білім беру арқылы оқытудың тәрбиелік бағыттылығының жоғары дәрежесін ескере отырып, сотталғандарды білім алуға ынталандыратын Кодекс көтермелеу нормаларынан тұрады: бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуға ұмтылыс көтермеленеді және сотталғандардың мінез-құлық дәрежесін айқындау және оларға мінездеме жасау кезінде ескеріледі (127 баптың 5 бөлігі). Емтихандарды тапсыру үшін оқушылар Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыстан босатылады. Өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген, сондай-ақ емдеу-профилактикалық мекемелердегі сотталғандарға бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуы үшін жағдайлар жасалады.

Сотталғандарға білім берудің ерекшеліктеріне байланысты Кодекс қылмыстық-атқару жүйесінің білім беру мекемелерінің педагогикалық ұжымдарына сотталған адамдармен тәрбиелік жұмыста түзеу мекемелерінің әкімшілігіне көмек беруге міндеттейді.

Қазіргі кезеңде қылмыстық-атқару жүйесін дамытуда түзеу мекемелерінде сотталғандармен тәрбиелік жұмыстың жүргізілуіне жаңа заманауи тұрғыдан қарауға, сотталғандарды түзеудің құралдары жүйесінде алатын орнын анықтауға, оның кейбір мәселелерін белгілеуге кезек келді.

Сонымен, Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасы бас бостандығынан айырылған сотталғандармен тәрбиелік жұмыстың негізгі бағыттарын, нысандарын және әдістерін реттейді (ҚР ҚАК-нің 124-127 баптары) [2].

Қылмыстық-атқару жүйесін реформалау кезеңінде, әсіресе өткен ғасырдың 80-90 жылдарының соңында түзеу мекемелерінің қызметіне өкінішке орай тәрбиелік ықпал етудің, соның ішінде бас бостандығынан айырылған сотталған адаммен тәрбиелік жұмыстың әлсіреуі байқалды.

Бұл жүйеде болып жатқан күрделі және қарама-қайшы үдеріспен, құндылықтарды қайта бағалаумен, жаңа жағдайларда қажет болмай қалған немесе тиімді емес тәрбиелік жұмыстың кейбір нысандары мен әдістерінен бас тартумен байланысты болды.

Қазіргі таңда сотталғандармен тәрбиелік жұмыстың негізгі құралдарын, нысандарын және әдістерін қайта ойластыру және қайта бағалау үдерісі тоқтатылды деп айтуға болмайды. Бірақ, бас бостандығын айыру түріндегі жазаны өтеу жағдайында сотталғандармен тәрбиелік жұмыстың қажеттілігі ешкімде де күмән тудырмайды. Сондықтан бұрын өзінің тиімділігін дәлелдеген жазаны орындайтын мекемелер және органдардың отандық жүйесін естен шығармай отырып, жаңа әдістер және нысандарды пайдалану керек. Біздің пікірімізше, бұл бағыт басымырақ болуы керек, сонымен бірге оны қазіргі кезеңде абақтылық жүйені реформалаудың шарттарының бірі деп санау қажет.

Ресей ғалымы О. Епифанов «қазіргі кезеңде қылмыстық-атқару жүйесін дамыту үшін сотталған адамдармен тәрбиелік, әлеуметтік және психологиялық жұмысты ұйымдастырудың жаңа нысандары, жолдары және тәсілдерін іздестіру және саралау қажет, сонымен қатар бас бостандығынан айырылғандармен тәрбиелік жұмыс жүргізу және оны құқықтық реттеу керек» деп санайды [4].

Осы мәселені зерттеуде РФ 2020 жылға дейін қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың концепциясын шығарды, яғни сотталғандармен әлеуметтік, психологиялық, тәрбиелік және білім беру жұмысы аясында 2020 ж. дейінгі кезеңге РФ ФСИН қылмыстық-атқару жүйесін дамыту Концепциясына сәйкес ұйғарылады:

– сотталғандарды қатыстыру арқылы қамтамасыз ету бағытында сотталғандармен әлеуметтік, психологиялық және тәрбиелік жұмысты дамыту, босап шыққаннан кейінгі қоғамда түзелудің және сәтті бейімделудің қажетті шарты ретінде негізгі әлеуметтік функцияларды игеру;

– сотталған адамның әлеуметтік-демографиялық, қылмыстық-құқықтық және жеке-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, атаулы әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық көмекті қамтамасыз ететін қызметтің жаңа жеке нысандарын іздестіру және ендіру [5].

Ресей ғалымы В. Ялуниннің «сотталғандармен жұмыста психологтардың қорытындыларын және ұсыныстарын негізді пайдаланудың» маңыздылығын өзінің ғылыми еңбегінде атап өткенін ескеру қажет [6, с. 171].

Түзеу психологиясы бөліміндегі ғылыми зерттеулер нәтижесі түзеу мекемеріндегі жазаны өтеу үдерісінде сотталғандарды түзеуге бағытталған тәжірибелік психологиялық-педагогикалық ұсыныстарды құру кезінде пайдаланылады [7, с. 129].

Әрбір абақтыларда нақты бір түрмеде қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін білікті қызметкерлердің жеткілікті саны болуы керек. Халықаралық құжаттар, атап айтқанда: қамаудағы адамға қараудың ең төменгі стандарттық ережелері, 49 Ереже (1). Мүмкіндігінше бұл штаттар мамандардың жеткілікті санынан, яғни психиатрлар, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, колөнер пәнінің мұғалімдері мен оқыту-

шыларының тұруы керек [8, с. 56-57]. Психология саласындағы белгілі ғалым Л.С. Высокский өз еңбектерінде психологиялық әдістермен түзетудің негізгі бағыттарын белгіледі және алғаш рет оны жеке дербес бағытқа бөлді [9, с. 130-134].

Баяндалғанның негізінде, жеке психологиялық әдістермен түзеу деп сотталған адамның түзелуіне нұсқаманы қалыптастыратын психолог-маманның түзеу жұмысының тәсілдер, амалдар және әдістер кешенін түсіну қажет. Сонымен қатар әрбір болжам, әрбір болашақ мақсат бірте-бірте жүзеге асырылады [10, с. 5].

Сондықтан, мақалада қозғалған мәселе, ізденіс болжамы тұрғысынан өзекті және әрі қарай зерттеуді де талап етеді.

Әдебиеттер

- 1 Макаренко А.С. Педагогические сочинения в 8-ми томах. – М.: Педагогика, 1983–1986. – Т. 1-8.
- 2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ.
- 3 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
- 4 Епифанов О.С. Некоторые вопросы правового регулирования воспитательной работы с осужденными к лишению свободы // orfsin.ru/files/redsov/epianov.rtf
- 5 Концепция развития уголовно-исполнительной системы в Российской Федерации до 2020 года. Правительство Российской Федерации. Распоряжение N 1772-р от 14 октября 2010 г.
- 6 Ялунин В.У. Реформа уголовно-исполнительной системы современной России: проблемы, тенденции, перспективы. дисс. канд. юр. наук. – М., 2004. – 201 с.
- 7 Краткий психологический словарь / сост. Л.А. Карпенко; под общ. ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. – М.: Политиздат, 1985. – 431 с.
- 8 Эндриу Койл. Подход к управлению тюрьмой с позиции прав человека. Кингс колледж. – Лондон, 2002. – 159 с.
- 9 Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М.: Педагогика-Пресс, 1999. Редакторы Л.М. Штутина, Л.М. Малова, 536 с.
- 10 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка / Российская академия наук. Институт русского языка им. Виноградова. – 4 изд., дополненное. – М.: А ТЕМП, 2004. – 944 с.

References

- 1 Makarenko A. S. Pedagogicheskiye sochineniya v 8-mi tomakh. – М.: Pedagogika, 1983-1986. – Т. 1-8.
- 2 Kazakstan Respublikasynyn Kylmystyk-atkaru kodeksi Kazakstan Respublikasynyn Kodeksi 2014 zhylygy 5 shildedegi № 234-V KRZ
- 3 Bilim turaly Kazakstan Respublikasynyn 2007 zhylygy 27 shildedegi № 319 Zany
- 4 Yepifanov O.S. Nekotoryye voprosy pravovogo regulirovaniya vospitatel'noy raboty s osuzhdennymi k lisheniyu svobody. orfsin.ru / fayly / redsov / epianov.rtf
- 5 Kontseptsiya razvitiya ugolovno-ispolnitel'noy sistemy v Rossiyskoy Federatsii do 2020 goda. Pravitel'stvo Rossiyskoy Federatsii. N 1772 Rasporyazheniye-r ot 14 oktyabrya 2010 g.
- 6 Yalunin V. U. Reforma ugolovno-ispolnitel'noy sistemy sovremennoy Rossii: problemy, tendentsii, perspektivy. diss. kand. yur. nauk. M. – 2004. – 201 s.
- 7 Kratkiy slovar' Psikhologicheskiy. / Sost. L.A. Karpenko; pod obshch. red. A.V. Petrovskogo, M.G. Yaroshevskogo. – М.: Politizdat, 1985. – 431 s.
- 8 Endryu Koyl. podkhod k upravleniyu tyur'moy s pozitsii prav cheloveka. Kings kolledzh: London, 2002, – 159 s.
- 9 Vygotskiy L.S. Pedagogicheskaya psikhologiya. – Moskva. Pedagogika-Press, 1999. Redaktory L. M. Shtutina, L. M. Malova, 536 s.
- 10 Ozhegov S. I, Shvedova N. Y. Tolkovyy slovar' russkogo yazyka / Rossiyskaya akademiya nauk. Institut russkogo yazyka im. Vinogradova. – 4 izd, dopolnennoye.. – М.: А ТЕМП, 2004. – 944 s.